

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.15 14:24

Регистрационный номер

18119

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.15 14:25

Код и наименование специальности:

07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07130701 Электр жабдықтарын монтаждаушы

Регион:

Батыс Қазақстан облысы

Организация ТипПО (Разработчик):

« Батыс Қазақстан индустриалды колледжі» МКҚК

Партнеры-разработчики:

« Орал трансформатор зауыты» АҚ

Цель ОП:

Технологиялық үрдіске сай электромеханикалық жабдықтарын монтаждау және жұмысқа жарамды күйде ұстау жұмыстарын орындай алатын кәсіби мамандар даярлау.

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Электр жабдығына қызмет көрсету, монтаждау және баптау", төраға орынбасарының бұйрығына № 1 қосымша
"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының басқармасы 2020.06.24 № 132

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

Электромонтаж

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

18.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№ 12022667

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№ 023

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Қазақ тілі	Ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай - ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Пәнді оқыту келесі тарауларды қамтиды: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті. Адамзат дамуының жаһандық мәселелер. Тілдік жүйе және тілдік норма. Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және тілдік норма. Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі. Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция. Әлемді өзгерткен өнертабыстар. Туризм: экотуризм.	3/72
	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Пәнді оқыту келесі тарауларды қамтиды: Қалың елім, қазағым. Қазақтың Қанышы.Парасат пайымы.Тарих тағылымы.Кеңістік пен уақыт.Зобалаң заман шындығы.Ғасырлық туынды,Табиғат және адам.	
ЖБП 3. Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».	4/96
ЖБП 4. Шетел тілі	Ағылшын тілінің оқу бағдарламасы студенттерге әртүрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Модульдің мазмұны келесі тарауларды қамтиды: I Unit. Legend or Truth II Unit. Natural Disasters III Unit. Virtual reality IV. Organic and non-organic worlds V Unit. Reading for pleasure VI Unit. Capabilities of human brain VII Unit. Breakthrough technologies	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	VIII Unit. Space X . IX Unit. Making connections in biology.X Unit. Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins. XI Unit. Human brain. XII Unit. Investigate and report on timekeeping devices/Science video . XIII Unit. Work and inventions . XIV Unit. STEM. XV Unit. Reading for Pleasure . XVI Unit. Recent advances in technology. XVII Unit. Independent project . XVIII Unit. The clothes of chemistry.	
ЖБП 5. Математика	Қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру. Модульдің мазмұны келесі тарауларды қамтиды: Функция, оның қасиеттері және графигі.Тригонометриялық функциялар.Көпмүшелер.Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы.Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция.Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар.Функцияның шегі және үзіліссіздігі.Туынды және оның қолданылуы.Алғашқы функция және интеграл.Комплекс сандар.Дифференциалдық теңдеулер.Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық.Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар.Көпжақтар.Айналу денелері және олардың элементтері.Денелер көлемдері.	8/192
ЖБП 6. Информатика	Білім алушылардың оқуы мен жұмысында компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын қамтамасыз ету. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: 1 – ші бөлім : «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету»; 2 – ші бөлім : «Деректерді ұсыну»;3 – ші бөлім :	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Ақпараттық процестер мен жүйелер»;4 – ші бөлім: Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру»;5 – ші бөлім: Қосымшаларды әзірлеу»;6 – ші бөлім:«Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік»	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отан сүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері. II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер. III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы. V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері. VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер. VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы. VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.	4/96
ЖБП 8. Физика	Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	6/144
ЖБП 9. Химия	Білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: I. Зат бөлшектері. II. Химиялық реакциялардың өту заңдылықтары. III. Химиялық реакциялардың энергетикасы. IV. Біздің айналамыздағы химия. V. Химия және өмір.</p>	
ЖБП 10. Биология	<p>Тіршіліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамыту. Модульдің мазмұны келесі тарауларды қамтиды: «Молекулалық биология және биохимия», «Жасуша биологиясы», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы», «Тыныс алу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл», «Көбею», «Өсу және даму», «Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму», «Селекция негіздері», «Тірі организмдердің әртүрлілігі», «Координация және регуляция», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адамның қоршаған ортаға әсері».</p>	3/72
ЖБП 11 География	<p>Білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	
ЖБП 12. Өзін - өзі тану	Ойы, сөзі және ісі бірлікте көрінетін адами кемелденудің өркендеуіне жағдай жасау арқылы әр білім алушының өзіндік рухани-адамгершілік болмысының және шығармашылық әлеуетінің ашылуына септігін тигізу. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Таным жолында». «Тұлғаның қалыптасуы». «Қоғамдағы өмір». «Адамзат әлемі».	2/48
ЖБП 13. Дене тәрбиесі	Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: Дене тәрбиесі туралы білім. Жеңіл атлетика. Спорттық ойындар. Гимнастика. Ұлттық спорт түрлері. Қысқы спорт түрлері. Жүзу.	5/120
ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту. Модульдің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі Әскери қызметтің құқықтық негіздері. Қазақстан	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары. Тактикалық дайындық. Атыс дайындығы. Саптық дайындық. Әскери топография. Әскери роботты техникалардың негіздері. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері. Технологиялық дайындық.	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2/48
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	2/48
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2/48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1/24
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1/24
КМ 1. Электр жабдығын	ОН 1.1 Қарапайым монтаждау және	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
монтаждауға дайындау	такелаж жұмыстарын орындау.	
	ОН 1.2. Техникалық сызбалар мен электр сызбаларын оқу.	4/96
	ОН 1.3. Электр жабдықтарының негізгі құрылымдары мен жұмыс принциптерін ажырату.	6/144
	ОН 1.4. Аспаптардың, құрал-саймандардың, бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру.	5/120
	ОН 1.5. Экологиялық және өндірістік қауіпсіздікті сақтау	1/24
КМ 2. Монтаждау жұмыстарын орындау	ОН 2.1. Электр жабдықтарын монтаждау жұмыстарын орындау.	6/144
	ОН 2.2. Электр жабдықтарына қызмет көрсету.	6/144
	ОН 2.3. Электр тізбектерін монтаждау жұмыстарын орындау.	10/240
	ОН 2.4. Электр машиналары мен басқару аппараттарын монтаждау.	6/144
КМ 3. Электр жабдықтарын жарамды және жұмысқа жарамды күйде ұстау	ОН 3.1. Жабдықтың жай-күйін тексеру.	9/216
	ОН 3.2. Жедел ауыстырып қосуды орындау.	11/264
	ОН 3.3. Электр жабдықтарын ағымдағы және жоспарлы жөндеу жүргізу.	25/600
	ОН 3.4. Жедел-техникалық құжаттаманы жүргізуді жүзеге асыру.	6/144
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	12/288